

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АТЫРАУ ОБЛАСТЫНЫҢ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ҚУРМАНҒАЗЫ АУДАНЫНЫҢ ӘДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ЗАҢДЫ ТҮГАННЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ  
2013 ж. 17 - шауғасынан жүргілді  
№ 250-1915-03-МБәлік

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АТЫРАУ ОБЛАСТЫҚ ӘДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ҚУРМАНҒАЗЫ АУДАНДЫҚ ӘДЛЕТ  
БАСҚАРМАСЫ  
1995 ж. 14 - 02  
200 № 950240001389  
БИЗНЕС САЙКЕСТЕНДІРУ  
НОМЕРІ (ЕСМ) БЕРІЛДІ

# «Құрманғазы аграрлық техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

## ЖАРҒЫСЫ.

### 1. Настоящим заканчивается

Ганюшкин селосы - 2013ж



Облыс әкімдігінің

2013 жылғы «23» 01

№21 қаулысына

3-көсімшаша

Облыс әкімдігінің

2013 жылғы «23» 01

№21 қаулысымен

бекітілген

## **«Атырау облысы Білім беру басқармасының «Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Атырау облысы Білім беру басқармасының «Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Атырау облысының әкімдігі (бұдан әрі – Әкімдік) болып табылады.

3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығы субъектісінің құқығын Әкімдік атынан Атырау облысы Қаржы басқармасы жүзеге асырады.

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Атырау облысы Білім беру басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) болып табылады.

5. Кәсіпорынның атауы: «Атырау облысы Білім беру басқармасының «Құрманғазы аграрлы-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны».

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 060400, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино селосы, Желтоқсан көшесі, 9 а.

### **2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жетатын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Кәсіпорын қызметінің мәні мазмұнына және білім алушылардың даярлық біліктілігінің деңгейіне қарай, техникалық және қызмет көрсету енбегінің бұқаралық мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды, экономиканың барлық салаларында жоғары технологиялармен және кәсіптік қызметпен байланысты жұмыстарды орындаудың күрделі (аралас) мамандықтары мен тәжірибелік дағдыларын көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары болып табылады.

12. Кәсіпорын қызметінің мақсаты қоғамдық-пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті қызметкерлер мен орта буын мамандарын даярлау болып табылады.

13. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 2) әскери мамандықтар бойынша жұмыстық оқу бағдарламаларын бекітуден басқа, жұмыстық оқу жоспарлары мен жұмыстық оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 3) қысқартылған оқыту мерзімімен білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 4) егер қолданыстағы заңнамада және қабылдаудың үлгілік ережесінде өзгеше көзделмесе, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес білім алушылардың контингентін қалыптастыру;
- 5) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде оқытудың кредиттік технологиясын және қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу;
- 6) ұлттық бірыңғай тестілеу мен техникалық және қызмет көрсету енбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілікті беруді қоспағанда, білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу;
- 7) меншікті қаржы қаражаттары шектерінде мемлекеттік білім беру үйимдарындағы қызметкерлерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметтік айлықақылар (мөлшерлемелер), қосымша төлеу, үстеме және өзге де ынталандыратын төлемдерді белгілеу;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- 9) қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;

10) Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен қаржылық есептілікті ұсыну;

11) кадрларды қесіптік даярлаудың қазіргі заманғы нысандарын енгізу.

14. Қесіпорын басшысының занды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп согады.

#### **4. Іске асырылатын Қесіпорынның білім беретін оку бағдарламаларының тізбесі**

15. Қесіпорын негізгі орта білім базасында орта білім алуда сырттай окута тарта отырып, техникалық және қесіптік білім берудің тағайындалған деңгейдегі, жалпы орта, техникалық және қесіптік білім берудің немесе орта білімнен кейінгі білім берудің оку бағдарламаларын іске асырады.

16. Жалпы орта білімі бар азаматтар үшін техникалық және қесіптік білім берудің білім беретін оку бағдарламалары жалпы қесіптік, экономикалық, арнайы пәндерді зерделеуді және таңдаған мамандығы бойынша болашақ қесіптік қызметтің айқындайтын оку-өндірістік жұмыстарды орындауды көздейді.

17. Техникалық және қесіптік білім берудің білім беретін оку бағдарламалары теориялық және өндірістік оқыту бағдарламаларынан және қесіптік тәжірибеден тұрады.

#### **5. Қесіпорынға қабылдау тәртібі**

18. Қесіпорынға окуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оку орындарына қабылдаудың үлгілік ережесімен белгіленеді.

19. Қесіпорынға окуға қабылдау конкурстық негізде азаматтардың өтініші бойынша жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары білім алу құқықтарын сактауға кепілдік беруге, неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі қесіптік оку бағдарламаларын менгеруге даярлығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиісті.

20. Техникалық және қесіптік, орта білімнен кейінгі білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға арналған конкурсты өткізу кезінде:

1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған тұлғалардың;

2) дербес білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар тұлғалардың;

3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейтін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған), орындаушылардың республикалық және халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші,

екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ, өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының басым құқығы бар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалардың, медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру үйімдарында окуяна болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен соғыс мүгедектеріне теңестірілген тұлғалардың, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар тұлғалардың басым құқығы бар.

## 21. Кәсіпорынға окуға түсу кезінде:

- 1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтарды;
- 2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларды;
- 3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастарының арасынан шыққан азаматтарды;
- 4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлтың қазақ тұлғаларды;
- 5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығының қалған балаларды қабылдау үшін квота көзделеді.

## 6. Кәсіпорында білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібі

22. Кәсіпорындағы оку-тәrbie үдерісі жұмыстық оку жоспарлары мен жұмыстық оку бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Кәсіпорындағы оку-тәrbie жұмыстарын жоспарлау оку жылына арналған оку-тәrbie үдерісінің кестесі мен теориялық және тәжірибелік сабактардың кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпорындағы оку-тәrbie жұмыстарының есебі теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оку бағдарламаларының оку сағаттарында орындалуын есепке алу табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

24. Кәсіпорындағы тәrbie бағдарламалары білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәrbиеленушілердің

патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ, жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Кәсіпорында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насиҳаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған қағидаларына қайшы келетін өзге де идеяларды насиҳаттауға тыйым салынады.

### **7. Кәсіпорындағы білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттау, білімдерін ағымдағы бақылау жүйесі**

25. Кәсіпорын білім алушылардың білім беретін оку бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және білім алушыларды аралық аттестаттауды жүзеге асырады.

26. Кәсіпорын білім беретін оку бағдарламаларын менгеру білім алушыларды міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

### **8. Кәсіпорынның білім алушыларын оқудан шығару негіздері мен тәртібі**

27. Кәсіпорынның білім алушыларын оқудан шығару негіздері мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі тәртіп ережесіне сәйкес жүргізіледі.

60 және одан артық сағат дәлелді себептерсіз оку уақытын қалдыրған білім алушылар колледжден оқудан шығарылады.

### **9. Кәсіпорындағы ақылды қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі**

28. Кәсіпорындағы ақылды қызмет көрсетудің тізбесі және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді және кәсіпорын төмендегідей ақылды қызмет түрлерін көрсетеді:

- 1) Мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілік арттыру курсары бойынша ақылды қызмет көрсету.
- 2) Компьютер және ақпараттандыру техникаларын жөндеу қызметі
- 3) Полиграфиялық қызмет көрсету
- 4) Автотранспорт құралдары және ауылшаруашылығы машиналарымен қызмет көрсету
- 5) Қоғамдық-тұрмыстық кешеннің ақылды қызметі (асхана, спорт зал, салтанат залы, жатақхана, монша және кір жуу орны)

- 6) Оқу және қосалқы шаруашылық, оқу шеберханасында түрлі салалар бойынша өндірістік қызметтерді көрсету және өндірілген өнімдерді сату қызметі:
- 6.1) Ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру және сату
  - 6.2) Халық тұтынатын тауарлар дайындау және сату
  - 6.3) Тігін цехының ақылы қызметі
  - 6.4) Ағаш өндеу цехының қызметі
  - 6.5) Құрылым материалдарын өндіру және сату
  - 6.6) Металл бұйымдарын жасау және сату.

#### **10. Кәсіпорынның білім алушыларымен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі**

29. Кәсіпорында білім алушылардың:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде Кәсіпорын кеңесінің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беретін оқу бағдарламалары бойынша окуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;
- 4) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметтерін оқу ақысының женілдетілген мөлшерінде білімдерді ақылы негізде алуға;
- 5) қайта қабылдануға және бір Кәсіпорыннан басқасына, бір мамандықтан басқасына, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша окуға немесе окудың бір нысанынан басқасына ауысуға;
- 6) Кәсіпорында ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;
- 7) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыйныптарын және кітапхананы тегін пайдалануға;
- 8) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

30. Білім алушыларды оқу үдерісінен аландатуға жол берілмейді.

31. Білім алушылар Кәсіпорында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті.

32. Білім алушылар педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын Кәсіпорынның дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

33. Білім алушылардың міндеттерді бұзғаны үшін оларға Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары, не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

34. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де занды өкілдерінің:

1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып Кәсіпорынды тандауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы Кәсіпорынды басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) Кәсіпорыннан өз балаларының үлгеріміне, міnez-құлқына және оку жағдайларына қатысты ақпарат алуға;

4) өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде психологиялық - медициналық - педагогикалық консультациялардан консультациялық көмек алуға;

5) олардың балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуына құқығы бар.

35. Ата-аналар мен өзге де занды өкілдер:

1) балаларға өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дene күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Кәсіпорынның жарғысымен белгіленген қағидаларды орындауға;

3) балалардың Кәсіпорындағы сабакқа баруын қамтамасыз етуге міндетті.

## 11. Кәсіпорынды басқару

36. Басқарма:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныс енгізеді;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сакталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

37. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Басқарма Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

39. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

40. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйайлар жемқорлық қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

41. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

42. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мұдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларды жазага тартады;

Басқарма басшының ұсынымы бойынша қызметке тағайындастырын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді.

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлерін (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқармаға кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 12. Кәсіпорынның мүлкі

43. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

44. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

45. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алғынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

46. Кәсіпорынның қарауында тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

47. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

48. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

49. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікті жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

50. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

51. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша тоқтатылады.

52. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Атырау облысы Қаржы басқармасы Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

53. Осы Жарғының 52-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Атырау облысы Қаржы басқармасының жазбаша келісімімен ғана, беруге және есептен шығаруға құқылы.

54. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

### **13. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

55. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

56. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Басқарма белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

57. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

58. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

### **14. Кәсіпорынның есепке алыу мен есептілігі**

59. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және Басқарма келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

60. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз табыстар мен шығындар туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

### **15. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

61. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Әкімдік субсидиарлық жауаптылықта болады.

## **16. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

62. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

63. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қагидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **17. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

64. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқарма белгілейді.

65. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

66. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Басқарма белгілейді.

## **18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

67. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Әкімдіктің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

68. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Әкімдік жүзеге асырады.

69. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырығаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Әкімдік қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **19. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

70. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі.

Шыуранын, немірлентен – 11 бетте

Атырау облысы белім  
бери басқармасының бастыны



С Есекгалиев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	
АДДЕЛ МІНИСТРИЛГІ	
АТЫРАУ ОБЛАСЫНЫҢ АДДЕЛ ДЕПАРТАМЕНТІ	
КҮРМАНГАЗЫ АУДАННЫНЫҢ АДДЕЛ БАСҚАРМАСЫ	
НЕМІРЛЕНТЕН, ТІЛГЕН ЖӘНЕ МОР БАСЫЛҒАН	
№ 11-Белеме <small>жаптак</small>	
17	шілдесе 2013 ж.